

С.Сейфуллиннің 125 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 15: Жастар, ғылым, технологиялар: жаңа идеялар мен перспективалар» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 15: Молодежь, наука, технологии – новые идеи и перспективы», приуроченной к 125 - летию С.Сейфуллина. - 2019. - Т.1, Б.2 - Б.184-186

## **ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ҚЕХС ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕС ҚАЛЫПТАСТЫРУ МЕН ТАЛДАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛДАРЫ**

*Шаукерова З.М.,  
Өткелбаева З.Т.*

Қаржылық есептілік – бұл шаруашылық операцияларын бухгалтерлік жағынан ретке келтіріп, тіркеуді қамтамасыз ететін есептік ақпаратты жинастыру жүйесі. Қаржылық есеп шаруашылық жүргізуші субъектінің мүлкі мен міндеттемелері туралы ақпаратты топтастырады (материалдық және материалдық емес активтер, жалға алынған мүліктер, қаржылай және заттай салынған жарна, ағымдағы активтер (ТМК), субъектінің міндеттері несие, дебиторлық және кредиторлық берешектер, ақша қаражаты, меншікті капитал, бөлінбеген табыс (шығын) және т.б.). Қаржылық есептің деректерін шаруашылық жүргізуші субъект ішінде әртүрлі деңгейдегі басшылар мен сыртқы пайдаланушылар пайдаланады (қазіргі және болашақтағы инвесторлар, кредиторлар, банктер, салық және қаржы ұйымдары). Осыған байланысты халықаралық қаржылық есеп стандарттары (ХҚЕС) жалпы қабылданған кәсіби іскерлік қарым-қатынас жасау тілі болып табылады.

Халық шаруашылығы есептерінің арасында қаржылық есептіліктің алатын орны ерекше. Барлық экономикалық ғылымдар ішінде қаржылық есептілік өз алдына дараланып тұратын бөлек ғылыми сала. Қазіргі нарықтық экономикаға түбегейлі көшу кезеңінде қаржылық есепке жүктелетін міндеттер қашан да болмасын күрделі, ауқымды болып табылады. Сол себепті кәсіпорынды үйлесімді басқару, маңызды қаржылық шешімдер қабылдау үшін қаржылық жағдайын талдау және қаржылық есептілікті халықаралық стандарттарға сай сәйкес жасау маңызды мәселе болып табылады.

Қазақстан Республикасының әлемдік экономикалық қауымдастыққа кіруіне байланысты барлық пайдаланушыларға, әсіресе шетелдік инвесторларға түсінікті бухгалтерлік есеп жүргізудің және қаржылық есеп беруді жасаудың қағидаларын жетілдіруге белгілі бір талаптар қойыла бастады. Шетелдік инвесторлар қазақстандық ұйымдарға ақшалай қаражат сомасын салғаннан кейін олардың барлығына түсінікті есептілік табыс ету қажет болды. Осыған байланысты қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттары (ҚЕХС) жалпы қабылданған кәсіби іскерлік қарым-қатынас жасау тілі болып табылады.

Қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттары (ҚЕХС) – бұл бүкіл әлемде ұйымдардың қаржы есептерін жасау үшін қаржы-шаруашылық операцияларын тануға, бағалау мен ашып көрсетуге талаптар қоятын ережелер.

Қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттары бойынша кеңесімен құрастырылған ҚЕХС бүкіл дүние жүзінде ұйымның қызметі туралы ашық және түсінікті ақпаратты, ұсыну үшін тиімді құрал ретінде танылады.

Қазіргі уақытта қалыптасқан әлемдік үрдіс барлық елдердің қаржылық есеп берудің оның халықаралық стандарттарға сай жасауға көшуін қажет етеді. Барлық ірі индустриялық елдер өздерінің ұлттық стандарттарынан бас тартып бірыңғай халықаралық стандарттарға көшуде. Мәселен, АҚШ мамандары ҚЕХС-пен жалпы қабылданған бухгалтерлік есеп қағидаларын (GAAP) жақындастыру жөнінде жан-жақты жұмыс жүргізуде.

Біздің мемлекетіміз Тәуелсіздік алған сәттен бастап халықаралық тәжірибені зерттеу нәтижесінде өзінің бухгалтерлік жүйесін реформалауға кірісті. Есеп пен аудитті дамыту мен жетілдіруге байланысты нормативтік-құқықтық актілерді іске асыру мақсатында елімізде қаржылық есеп беруді ҚЕХС-қа сәйкес жасауға бірте-бірте көшу жүзеге асырылуда. ҚЕХС көшу есеп берудің өзінің дайындау принциптерін және оның сапасын бақылау - аудит принциптерін де өзгертеді.

Қаржылық есеп берудің стандарты - бұл бухгалтерлік есеп жүргізу мен қаржы есептілігін жасаудың қағидалары мен әдістері белгіленетін құжат.

Стандарттар ұлттық және халықаралық болады.

Қаржылық есеп берудің ұлттық стандарттары – бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп беру саласындағы қызметті реттеудегі жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган бекіткен стандарт болып табылады.

ҚЕХСК әзірлеген халықаралық стандарттар жүйесі ұйымдардың қаржылық есеп беруін жасаумен байланысты барлық негізгі мәселелерді қамтиды.

Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары комитеті (ХҚЕСК) барлық жерде қабылданып, ұстану үшін 41 қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын жете зерттеп, жасап жариялады және ұсынды. Алайда, нормативтік шаруашылық жүргізудің кеңеюіне орай олардың кейбіреуі алынып тасталды, сондықтан қазіргі кезде 41 стандарт, оның ішінде халықаралық қаржылық есептілік стандарттары 25 (IAS) және қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттары 16 (IFRS) қолданылады.

ХҚЕСК-ның басты мақсаты – қаржылық есептілікті көрсету, оған қол жеткізу үшін мыналарды анықтау қажет:

- шешу үшін қаржылық ақпаратты талап ететін есептер;
- ақпараттық жүйе құру принциптері;
- ақпараттың сапалық сипаттамалары;
- қаржылық есеп элементтері.

Халықаралық Қаржылық Есептілігінің стандарттары (ХҚЕС (IFRS)) – бұл Халықаралық Қаржылық Есептілігінің Стандарттары жөніндегі Кеңесі (ХҚЕСК) жариялаған Стандарттар мен Түсіндірмелер. Олар төмендегілерді қамтиды:

- Халықаралық Қаржылық Есептіліктің Стандарттары (IFRS);
- Халықаралық Қаржылық Есептіліктің Стандарттары (IAS);
- Халықаралық Қаржылық Есептіліктің Стандарты бойынша Түсіндірме кеңесінің Түсіндірмесі (ХҚЕСТК (IFRIC));
- Түсіндірмелер бойынша Тұрақты Кеңес (ТТК (SIC)).

Қорытындылай келе бухгалтерлік есепті халықаралық стандарттау қажеттілігі мен артықшылықтарын көрсететін бірнеше факторларды атауға болады:

- инвесторлар қажеттіліктерін анықтау;
- транснационалды корпорациялардың жұмысын жеңілдету;
- бухгалтерлік білімдерді бірігіп пайдалану.

Қаржылық есеп мәмілелер мен басқа оқиғалардың қаржылық нәтижелерін оларды экономикалық сипаттамаларына сәйкес кең ауқымды категорияларға

қалыптастырып, көрсетеді. Мұндай кең ауқымды категориялар деп қаржылық есептердің элементтерін атайды.

Қаржы есептілігін даярлаған кезде ұйым басшылығы ұйымның өз қызметін жалғастыру қабілетін бағалауға міндетті. Қаржы есептілігі, егер ұйымның басшылығы не ұйымды таратуға, немесе оның қызметін тоқтатуға өзі ниет еткен, не бұлай жасаудан басқа нақты баламасы болмағандықтан, осындай іс- әрекет тәсілін таңдауға мәжбүр болған жағдайды қоспағанда, міндетті түрде қызметтің үздіксіздігі негізінде жасалуға тиіс. Егер ұйымның басшылығына бағалау барысында бұдан былай ұйымның қызметті үздіксіз жалғастыру қабілетіне едәуір күмән туғызуы мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі жөнсіздіктері туралы мәлім болса, бұл жөнсіздіктер қаржы есептілігінде міндетті түрде ашық көрсетілуі тиіс. Егер қаржы есептілігі қызметтің үздіксіздігіне жол беру негізінде жасалмаса, бұл факт есептілік жасалған негізбен және ұйым үздіксіз іс-әрекет етеді деп есептелмегендіктен, міндетті түрде ашық көрсетілуі тиіс.

Қаржылық жағдай туралы есептілік – қаржылық есептің негізгі түрі бола отырып, ол есепті кезеңдегі кәсіпорын мүлкінің құрамы мен құрлымын, ағымдағы активтердің айналымдылығы мен өтімділігін, меншікті капитал мен міндеттеменің қолда барын, дебиторлық және кредиторлық борыштың динамикасы мен жағдайын және кәсіпорынның несие қабілеттілігі мен төлеу қабілеттілігін анықтауға мүмкіндік береді

#### **Әдебиеттер тізімі**

- Қаржылық есеп 1: оқу құралы / Б.И.Төкенова, З.М.Шаукерова. – Астана: С. Сейфуллин атындағы ҚазАТУ, 2015.
- Қазақстан Республикасы. ҚР Заңы. Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы: 28.02.2007 ж., № 234-III 2015.
- Бухгалтерлік есеп / В.Л.Назарова, М.С.Жапбарханова. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2012.
- Бухгалтерский учет: Учебное пособие / Н.П. Кондраков. - 7-е изд., перераб. и доп. - М.: НИЦ ИНФРА-М, 2014.
- Жуматов М.К. Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес бухгалтерлік есеп: - Астана: 2013.